

«Нұрлы болашак» балабақшасы

**«Балдырган» ересек тобының жылдық
қорыттынды есебі
2021-2022 оқу жылы**

2021-2022 оку жылшының «Балдырган» ересек тобының жылдық қорытынды есебі

«Нұрлы болашақ» балабакшасының «Балдырган» ересек тобында 25 тәрбиеленуші бар. Оның 19- үл бала, 6- қыз бала. Тәрбиешілері: Жанабаева Раушан Бактыгалиевна, Еламанова Нұрлы.

Балабакшаның осы жылға қойған негізгі жылдық міндеттері:

-Ойын әрекеті арқылы балалардың сойлеу тілдерін дамыту

- Мектеп жасына дейінгі балаларды үлттық құндылыктар негізінде тәрбиелеу

Топтағы балалар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасына» сүйеніп жұмыс жоспары бойынша тәрбиеленіп, білім алды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпы мәдениетті қалыптастыруға, адамгершілік, эстетикалық және жеке қасиеттерін дамытуға, оку әрекетінің алғы шартын қалыптастыруға, мектеп жасына дейінгі балалардың деңсаулықтарын нығайтуға және сактауға бағытталған.

Бағдарламада балалардың жас және жеке әрекшеліктерін ескеріп оларды жан-жакты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын қамтып, вариативтік бөлімдері арқылы білім берілді. Ересек топта үйымдастырылған оку қызметі аптасына 12 сағатты құрайды (2 сағат вариативті компонентті құрайды), 20-25 минуттан Үлгілік оку жоспарына сәйкес өткізілді.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша баланың дene күшінің сапасы мен қозғалыс белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын сақтайдын тұлға қалыптастыру мақсатында топта ертенгілік жаттығудан бастап түрлі сауықтыру шаралары, кимылдық және спорттық ойындар үйымдастырылып, мәдени-гигиеналық шаралар жүргізілді.

«Коммуникация» салысында балалардың тілдік құзіреттіліктерін дамыту мақсатында сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оку қызметтері жоспарланды. Балалардың көркем әдебиет пен халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі театрлық қойылымдар, өлең-шумақтар үйретілді.

«Таным» білім беру саласы бойынша математикалық білім мен ұғымдары негізінде балалардың ақыл-ой қабілеттерін, балалардың құрастыру іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында балаларға қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру және құрастыру оку қызметтері жоспарланды. Математика оку қызметінде балаларға тұра және кері санау, сандық құрам, тәулік бөліктерін ажырату, кеңістікте бағдарлау және геометриялық пішіндер мен денелермен таныстырылды. Сонымен катар санамақтар, сандық жұмбактар жаттатылды.

«Шығармашылық» білім беру саласында балалардың эстетикалық талғамын, қиялын, шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу және де музыка оку қызметтері өткізілді. Балалар мүсіндеуде ермексаздан түрлі заттар мүсіндей алады, мәнерлі бейне жапсырады, қайшыны дұрыс ұстап, желімдеу техникасын менгерді. Балалардың музикалық шығармаларды қабылдаудың жетілдіру мақсатында түрлі ыргакты би кимылдары үйретіліп, әндер жаттатылды.

«Әлеумет» білім беру саласында қоршаган әлемнің қыр-сырын түсінуін арттыру және әлеуметтік құндылықтар мен мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында қоршаган ортамен таныстыру оку қызметтері өткізіледі. Үлкендердің еңбегін, олардың қызметтерін бағалау мақсатында топта түрлі сюжеттік-ролдік ойындар үйымдастырылды.

Білім берудің вариативтік бөлімі бойынша топта «Шахмат патшалығында», «Шебер колдар» жоспарланды.

Білім күніне орай балабакшада «1-қыркүйек Білім күні!» атты тәрбие сағаты өтті. Балалар такпақ, өлең шумақтарын арнады.

Жыл бойы ата-аналармен бірнеше тақырыптарға байланысты онлайн жиналыстар өткізілді. Алғаш өткізілген онлайн жиналыста бірауыздан ата-аналар төрайымы сайланип, екі көмекші тағайындалды. Төрайымы-Қияшбаева Г, екі көмекшілері-Байтохина Л және Қылышбаева Б сайланды.

Қазан айында «Арайлы алтын күз!» атты ертенгілік өткізіліп, ата-аналар тарапынан «Күз сиқыры» тақырыбында табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылды. Ертенгіліктегі балалар би билеп, тақпактарын айтып, көрініс қойып, ән шырқалды.

Балалармен ойын ұйымдастырылып, күз ханшайымы балаларға жемістер таратты. Қараша айында өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру мақсатында топта «Өрттен сақ болайық!» тақырыбында және жол ережесін сактау мақсатында «Бағдаршам біздің досымыз!» атты тәрбие сағаттары өтті. Өткізген Жанабаева Р.Б.

Желтоксан айында тұнғыш президент күніне орай «Біздің тұнғыш президентіміз» атты ертенгілік және тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздікке 30-жыл» атты ата-аналар арасында көрме ұйымдастырылды. «Тәуелсіздіктің ел тұғыры атты мерекелік шара өтті. Мерекеде біздің топ «Қазақстаным-Отаным» әнін орындаған, би биленіп, тақпактар айтылды. Балабакшада «Құстар біздің досымыз» апталығы ұйымдастырылып, құстарға ата-аналармен балалар жемсауыттар жасады. Жаңа жыл қарсанында «Қыс қызығы» тақырыбында отбасылық-шагармашылық көрме-сайысы ұйымдастырылды және «Жаңа жылда, Жаңа жыл!» атты мерекелік кешіміз өтті. Мерекеде балалар шырша жанында әндер шырқап, «Акшакарлар», «Қоңліді санта-клаустар» билерін биледі. Ертенгіліктегі балалар белсенді қатысып, Аяз атанаң сыйлықтарына ие болды.

Қаңтар айында шыршамен қоштасу мақсатында жалпы балабакша-ішілік «Қош бол, әсем шыршамыз!» атты мерекелік іс-шара өтті. Ақпан айында тәрбиеші Жанабаева Р.Б. «Математика әлеміне саяхат» атты ашық қаралым өткізді. Осы айда Елеманова Н.Т. «Ойнайықта, ойлайық» атты ашық қаралым өткізді. Ата-аналар арасында отбасы мен балабакша қарым қатынасын нығайту мақсатында «Мейірімділік, достық, қайырымдылық» атты тематикалық көрме ұйымдастырылды. Жанұядагы әке мен баланың қарым – қатынасын нығайту мақсатында әкемен өткізген бір күнін «Мениң әкем ең күшті!» атты бейнероликпен жеткізді.

Наурыз айында алғыс айту күніне орай «Шын жүректен мың алғыс!» атты тақырыбында балабакша ішінде әр топта тілек тілеу бұрыштары жасалып, ата-аналар өз ризашылықтарын, алғыстарын білдірді. Осы айда Халықаралық әйелдер күніне орай «Анашым-Күнім!» атты ертенгілігі өтті. Ертенгіліктегі балалар аналарына арнап тақпак, әндерін айтып, билеп, кеш әсерлі өтті. Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесінен орай балабакшада әр топта Наурыз мерекесі тойланды. Ал, «Балдырган» ересек тобында «Наурыз көктем» тақырыбында мерекелік шара өткізіліп, балаларға қазактың әдет-ғұрпы мен салт – дәстүрі соның ішінде «Тұсай кесер» рәсімі насиҳатталып, қазактың ұлттық тагамдарымен таныстырылды. Наурыз мерекесінің өзіне тән ұлken асы – Наурыз көже туралы түсінік беріліп, ата – аналардың ұйымдастыруымен балалар Наурызқожеден дәм татты.

Сәуір айында балабакша психология Уразгурова – Садвакасова Жанар балабакша ішінде апталық ұйымдастырылып, ата-аналар арасында «Мениң отбасым» көрмесін өткізді. Ата-аналарымыз өз отбасыларының эмблемасын жасап, балабакша психологы белсенді ата-аналарға құрмет көрсетіп Алғыс хаттармен маралаттады. Балабакшада 22- сәуір Гарышкерлер күніне орай апталық ұйымдастырылып тәрбие сағаттары өтті.

Мамыр айында бірлік күніне орай «Достығымыз жарасқан» атты тәрбие сағаты өткізіліп, балалар «Бірліктің туы» әнін орындаған, өлең шумактарын арнады. Ұлы женіс күніне орай «Қазақ батырлары мәңгі есімізде!» атты тәрбие сағаты өткізілді. Балаларымыз ән орындаған, тақпактарын мәнерлеп айтты.

Жылдың соңында «Қош бол, балабакшам» атты қоштасу кеші ұйымдастырылып, балалар өз өнерлерін көрсетіп балабакша қызметкерлеріне ризашылықтарын өлең - шумактарымен жеткізді.

Жыл бойы серуендер ұйымдастырылып, табиғаттың маусымдық өзгерістеріне бақылау жасадык. Ая-райын бақылап, таза ауда түрлі кимылдық ойындар ұйымдастырылды. Аланды еңбек етіп, балаларды тазалыққа, енбексүйгіштікке тәрбиеледік.

«Балырган» тобының балалары барлық салаларда белсенділік танытып, түрлі онлайн байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Балабакша хореографы Бикбулатова Нұрсұлу Вахқасовнаның жетекшілігімен Ақтөбе қаласында өткен Халықаралық шығармашылық көңжанрлы байқау – фестивалінде «Пчелка» бімен «хореография» номинациясы бойынша 2 дәрежелі лауреат атағын иеленді. Халықаралық ашық фестиваль – конкурс “BEST STAR'S XXII” «ХОРЕОГРАФИЯ» номинациясы бойынша «Торсық» бімен 1 орын иеленіп, дипломдармен марапатталды. Сонымен қатар Балаларды ерте дамыту институтының Балалар жылына орай онлайн форматта ұйымдастырган «Балалық шагымның шуақты би» атты би байқауына қатысып, аудандық, облыстық кезеңнен өтіп, республикалық кезеңде «Көркем орындау шеберлігі» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды Көптеген республикалық байқауларға қатысып, Аманкелді Айсұлтан, Глеуіш Айсара, Сабит Айару, Амантай Азamat, Тұрганбек Ердар жүлделі орынарга ие болды. . «Балдырган» ересек тобы 2021-2022 оку жылын аяқтады.

Тәрбиешілері: Жанабаева Р.Б.
Еламанова Н.Т.